

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕМЕГЕ
НЕГІЗДЕЛГЕН ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

М.Д. ТАЛДЫБАЕВА,

PhD, аға оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

М.А. ТҰРАРБЕК,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

«БВ01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының

3-курс студенті

Түркістан, Қазақстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15257033>

Тәуелсіз елдің болашағын айқындайтын жаңа формациядағы тұлғаны тәрбиелеуде бастау көзін Абай Құнанбайұлының рухани мұрасынан табуға болады. Абай шығармашылығын оқыту – заман талабына сай жаңғырып, қоғам дамуының бағыт-бағдарына бейімделіп келе жатқан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінен терең пайым мен тың көзқарасты қажет етеді. Ұлы ойшылдың адам тәрбиесіне қатысты қалдырған өнегелі сөздері – жас ұрпаққа рухани тәрбие беруді мақсат еткен әрбір тұлғаның бағыт-бағдарына сай келеді. Қазіргі таңда жастардың санасына әсер етудің тиімді жолдарын іздеген шақта, тәрбиелік маңызы зор Абайдың асыл мұрасын қайта жаңғырту – маңызды қадам. Абайдың адамгершілікке, өзін-өзі тануға, ішкі жан-дүниені тәрбиелеуге қатысты ойлары – бүгінгі қоғамға да, келешек ұрпаққа да жол көрсететін құнды бағдарлама іспеттес. Сондықтан Абайдың идеяларын жастардың санасына сіңіру, шығармаларының тәрбиелік әлеуетін оқушы өміріне қолдана білу – білім беру жүйесінің өзекті мәселесіне айналуда.

Қазіргі қоғамдағы адамның әлеуметтік белсенділігі мен қоғамдық рөлі күрделеніп, жаңа мазмұнға ие бола бастаған тұста, тәрбие үдерісі де жаңа бағытқа бет бұруы заңдылық. Мұндай жағдайда ұрпақ тәрбиесінің мазмұны мен әдістері де заман талабына сай жаңартылуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Абай шығармаларын орта буын оқушыларына оқыту – жаңашыл қоғамға қажет тұлғаның бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде бұл бағытты жүйелі жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылуы қажет [1, 25].

Білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде Абай шығармаларын тиімді оқытудың негізгі шарттарының бірі – мұғалімнің әдебиеттану, педагогика және психология ғылымдарының өзара байланысын терең меңгеруі. Әр сабақта осы ғылым салаларының негіздеріне сүйене отырып, оқытудың мазмұны мен



әдістерін үйлесімді қолдану – нәтижелі білім берудің кепілі. Бүгінгі күні оқушылардың Абай шығармашылығына деген қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру, практикалық тапсырмалар жүйесін құра білу және қолайлы оқыту технологияларын пайдалану – мұғалімдердің кәсіби жауапкершілігіне айналып отыр. Мұндай озық тәжірибелерді педагогикалық қауымдастық арасында тарату – уақыт талабына сай келетін маңызды міндеттердің бірі.

Қазіргі білім беру жүйесінде технологиялық үдерістердің қарқынды дамуы оқытудың мазмұны мен әдістемесіне жаңа талаптар қойып отыр. Соның ішінде инновациялық әдістерді тиімді қолдану – оқыту сапасын арттырудың және оқушының шығармашылық әлеуетін ашудың басты құралына айналуда. Әдебиетті оқытуда, әсіресе Абай Құнанбайұлының шығармашылығын меңгерту барысында оқушылардың қызығушылығын ояту, ойлау дағдысын дамыту, ішкі дүниесін тәрбиелеу және еркін ой айтуға мүмкіндік жасау – басты әдістемелік бағдар болуы тиіс.

Осындай нәтижеге бағытталған әдістердің бірі – белгілі педагог Қ.Бітібаеваның «Ой тастау – ойланту – ойлау» технологиясы. Бұл әдіс – оқушының тұлғалық дамуын, өзіндік ізденісін және зерттеу қабілетін жандандыруға бағытталған. Технология құрылымы әдеби пікірталас, диалогтік оқыту, проблемалық талдау және жобалық жұмыстар секілді белсенді оқу формаларымен ұштастырыла отырып, оқушыны жеке субъект ретінде қабылдауға негізделеді [2, 74]. Мұғалім бұл тәсіл арқылы оқушыға дайын білім бермейді, керісінше, мақсат қою арқылы бағыт-бағдар көрсетіп, шығармашылық ізденіске жол ашады.

Аталған технология аясында жобалау, модельдеу, жаңа өнім жасау сияқты әдіс-тәсілдер ерекше маңызға ие. Бұл тапсырмалар оқушыларды тек қабылдаушы емес, сол білімді жаңаша өңдеп, жеке пайым жасай алатын тұлға ретінде дамытады. Әдеби шығарманы меңгертуде оқушының эмоционалды қабылдауы, қиял әлемін жандандыруы, образдық ойлауы да осы әдістер арқылы жүзеге асады.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің темірқазығы саналатын Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – балабақшадағы бүлдіршіннен бастап, жоғары оқу орнында білім алып жатқан студенттерге дейін рухани тәлім беретін, эстетикалық талғамын қалыптастыратын, адамгершілік және азаматтық тәрбиеге жол сілтейтін биік мұра. Абайдың көркем әлемі уақыт өткен сайын тереңдеп, әр буын ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда маңызды рухани ресурстардың бірі ретінде танылып келеді.



Оның поэзиясы мен қара сөздері – тек әдеби мұра емес, сонымен қатар жастардың тұлғалық кемелденуіне ықпал ететін, шығармашылыққа жетелейтін, ұлттық құндылықтарды бойға дарытатын тәрбие құралы. Сондықтан Абай шығармаларын заманауи әдістемелермен, оқушы қызығушылығына бағытталған практикалық тәсілдермен үйлестіре оқыту – қазіргі педагогтің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Абай шығармалары орта мектепте екі бағытта оқытылады. Біріншісі – 5-8-сыныптарда өткізілетін әдебиеттік оқу сабақтары, мұнда ақынның өмірі мен шығармашылығынан қысқаша мәліметтер, түрлі тақырыптағы өлеңдері қамтылады. Екіншісі – жоғары сыныптарда (9-11-сыныптар) әдебиет тарихы пәні шеңберінде ақын мұрасын тереңірек әрі жүйелі түрде монографиялық тұрғыда зерттеу. Бұл екі бағыт бір-бірімен өзара сабақтас болғанымен, олардың дидактикалық мақсаты мен оқытылу тәсілдерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Осыған байланысты, әр жүйеге тән әдістемелік ұстанымдар мен оқыту мақсаттары да өзгеше қарастырылады. Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетімен ізденіп меңгеретін, оны тәжірибе жүзінде қолдана алатын субъект ретінде қалыптастыру – басты мақсаттардың бірі. [3, 41] Осы орайда Абай шығармаларын оқытуда жаңашыл әдістер мен практикалық тапсырмаларды тиімді пайдалану – білім сапасын арттырудың, құндылықтық бағдарды сіңірудің, тұлғалық дамуды жүзеге асырудың пәрменді құралы болып табылады. Абай шығармашылығын оқытуда қолданылатын практикалық тапсырмалар келесі негізгі бағыттар бойынша жіктеледі:

1. Интерактивті тапсырмалар

Тапсырма	Сынып	Әдісі	Мақсаты
Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзінді тыңдап, Padlet платформасында постер жасап, өз түсінігінді инфографика арқылы жеткіз	–9	Цифрлық постер	Өлеңдегі ойды визуалды түсіндіру



«Күз», «Қыс» өлеңдерін топтарға бөліп, Canva-да жыл мезгіліне сай иллюстрация және тірек сөздермен мини-жоба жасау	6–7	Топтық жұмыс + визуал	Сезімдік қабылдау мен шығармашылық дамыту
Kahoot немесе Quizizz арқылы Абай өмірі мен шығармаларына викторина құрастыру	8–10	Интерактивті тест	Білімді бекіту, есте сақтау

2. Тұлғалық-рефлексиялық тапсырмалар

Тапсырма	Сынып	Түрі	Мақсаты
«Абай бүгінгі қоғамда өмір сүрсе...» тақырыбында эссе жазыңыз	9–11	Шығармашылық эссе	Оқушының ойлауын, дүниетанымын дамыту
«Толық адам» концепциясына байланысты өзіңе ішкі портрет жаса: қандай қасиеттер бар, қайсысын дамытқың келеді?	8–10	Рефлексиялық жазба	Өзін-өзі тану мен тұлғалық даму
«Абайдың қара сөздеріндегі басты идеялар мен бүгінгі қоғам құндылықтарының өзара байланысы» атты шағын зерттеу жоба жаса	10–11	Жоба жұмысы	Құндылықтарды салыстыру, зерттеу дағдысын дамыту

3. Жобалық және шығармашылық тапсырмалар

Тапсырма	Сынып	Түрі	Мақсаты
Абайдың бір өлеңін тандап, сол тақырыпта өз	6-8	Поэзиялық тапсырма	Шығармашылық жазу дағдысын дамыту



өлеңінді жаз			
«Абайдың кара сөздерін сахналау» – топпен сахналық көрініс әзірлеу	8-11	Драмалық қойылым	Әдеби мәтінді түсініп, интерпретациялау
Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіне заманауи бейнебаян түсіріп, оның идеясы мен көркемдігін жаңаша ашу	9-11	Бейне жоба	Жаңа медианы қолдану, креативті ойлау

4. Пәнаралық интеграцияға негізделген тапсырмалар

Пән	Тапсырма	Мысал
Тарих	Абай өмір сүрген дәуірдің тарихи контекстін зерттеу	«Абай және ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамы» жобасы
Музыка	Абай әндерін тыңдап, әуен мен мәтін арасындағы үндестікке талдау жасау	«Көзімнің қарасы» әніне талдау
Өзін-өзі тану	Абайдың кара сөздеріндегі рухани-адамгершілік құндылықтарды жеке өмірмен байланыстыру	«Абай және менің өмірлік ұстанымым» эссесі
Бейнелеу өнері	Абай өлеңдерінің желісімен иллюстрация жасау	«Қыс» өлеңіне сурет салу, көрме ұйымдастыру
Информатика	Абай өлеңдері бойынша анимация жасау	слайд, презентация, постер дайындау.

Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасын оқыту — тек көркем шығармамен танысу ғана емес, сонымен қатар оқушының рухани-адамгершілік болмысын қалыптастыру мен өмірлік ұстанымдарын жүйелеудің маңызды құралы болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін жаңартылған білім мазмұнына сәйкес құрастырылған, оқушының танымына сай келетін практикалық тапсырмалар жүйесін қолдану – замана талабы.

Жаңашыл әдістемеге негізделген практикалық тапсырмалар оқушыны ойлануға, өзіндік пікір айтуға, өмірмен байланыстыруға жетелейді. Абай шығармаларын меңгертуде тұлғалық-бағдарлы, құндылықтық және жобалық тәсілдерді, сондай-ақ цифрлық және визуалды құралдарды тиімді пайдалану – білім беру үдерісін жандандырып қана қоймай, оқушыны жан-жақты дамытудың тетігіне айналады.



Ұлы ойшылдың мұрасын заманауи форматта ұсыну арқылы біз ұлттық әдебиет пен мәдениеттің құндылығын бүгінгі жас ұрпаққа жақындата аламыз. Бұл бағытта жасалған практикалық ізденістер мен әдістемелік ұсыныстар алдағы уақытта оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға өз үлесін қоспақ

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы. 1995.
2. Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен, 2005.
3. Құрманова Г.Ж. Жаңартылған білім мазмұны бойынша әдебиетті оқыту әдістері. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.
4. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
5. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
6. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
7. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
8. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
9. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

